

Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастырғаны үшін төленетін төлемақыларды белгілеу туралы

Қарағанды қалалық мәслихатының III шақырылған XXXIII сессиясының 2006 жылғы 7 маусымдағы N 18 шешімі. Қарағанды қаласы әділет басқармасында 2006 жылғы 7 шілдеде N 8-1-34 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 491 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы, 1 тармағы, 15 тармақшасына сәйкес Қарағанды қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ** :

1. Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастырғаны үшін төленетін төлемақылары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. III шақырылған Қарағанды қалалық мәслихатының 2003 жылғы 3 желтоқсандағы III сессиясының "Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыру үшін төлемақы мөлшерлемесін бекіту туралы" N 9 шешімінің, (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі N 1364, "Индустриальная Караганда" газетінде 2004 жылғы 11 наурызында N 29, "Орталық Қазақстан" газетінде 2004 жылғы 4 наурызында N 43-44 жарияланған) күші жойылған деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзін-өзі басқару, экономика, жоспарлау, бюджет, шағын және орта бизнесті дамыту мәселелері бойынша тұрақты комиссиясына жүктелсін (төрайымы Оспанова Қадиша Базарбайқызы).

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*III шақырылған қалалық
мәслихаттың кезекті XXXIII*

сессиясының төрағасы

Ж.Мұхтаров

Қалалық мәслихат хатшысы

Қ.Бексұлтанов

Қ а л а л ы қ м ә с л и х а т т ы ң
2 0 0 6 ж ы л ғ ы 7 м а у с ы м д а ғ ы
X X X I I I с е с с и я с ы н ы ң
N 18 шешіміне қосымша

Қарағанды қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастырғаны үшін төленетін төлемақылар

N	Мазмұны	Айлық есеп көрсеткіштен төлемдердің пайыз түрінде берілген айлық ставкасы

1	Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілері - 1 шаршы метрге дейін (парақша, кіші плакат А1, А2, А3, А4, афиша, транспарант)	200
2	Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілері - 2,09 шаршы метрге дейін (жерге, қабырғаға, шатырға, уақытша үлгілі киоск, көркейту элементтер, павильондарға және кіші сәулеттік нысандарға орнатылған жарық беруші таблолар)	300
3	Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілері - 2,1 бастап 5,09 шаршы метрге дейін (жерге, қабырғаға, шатырға, уақытша үлгілі киоск, көркейту элементтер, павильондарға және кіші сәулеттік нысандарға орнатылған жарық беруші табло, автомобильдерге жанармай құю станциясының стелалары)	400
4	Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілері - 5,1 бастап 10,09 шаршы метрге дейін (жерге, қабырғаға, шатырға, уақытша үлгілі киоск, көркейту элементтер, павильондарға және кіші сәулеттік нысандарға орнатылған жарық беруші табло, автомобильдерге жанармай құю станциясының стелалары)	600
5	Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілері - 10,1 бастап 20,09 шаршы метрге дейін (жерге, қабырғаға, шатырға, билбордтарға орнатылған жарық беруші табло, автомобильдерге жанармай құю станциясының стелалары, транспарант - тартпалар)	1500
6	Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілері - 20,1 бастап 75,09 шаршы метрге дейін (жерге, қабырғаға, шатырға, билбордтарға орнатылған жарық беруші табло, транспарант - тартпалар)	2200
7	Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілері - 75,1 бастап 100 шаршы метрге дейін (жерге, қабырғаға, шатырға, билбордтарға орнатылған жарық беруші табло, транспарант - тартпалар)	3000